

**1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 24 маусымдағы № 54-VII ҚРЗ.

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы 2018 жылғы 9 қарашада Петропавлда жасалған хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. ТОҚАЕВ*

**1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

"Байқоңыр" кешенін пайдалану тиімділігін арттырудағы өзара мүдделілікті растай отырып,

2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімнің 6-бабын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Шарттың 4-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап

Жалға беру мерзімі

"Байқоңыр" кешені 2050 жылға дейін жалға беріледі."

**2-бап**

Осы Хаттама Шарттың 11-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2018 жылғы "9" қарашада Петропавл қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК